

«Үздік қазақ тілі кабинеті» атанды

► Дария ЕРҒАЗИНА

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен жыл сайын кәсіпорындар мен мекемелер арасында «Үздік қазақ тілі кабинеті» атты конкурс өткізіледі.

Таяуда «Атамұра» мәдениет орталығында «Үздік қазақ тілі кабинеті» конкурсының қорытындысы шығарылды. Қазылар алқасының шешімімен «Богатырь Көмір» ЖШС-нің мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің жетекшісі Манар Ерботина 1-орынды жеңіп алған еді.

16 желтоқсан күні «Өнер» ҚМО-да Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткізілген салтанатты кеште «Богатырь Көмір» компаниясына «Тіл жанашырлығы – ұлт жанашырлығы» аталымында жыл қорытындысына сәйкес мемлекеттік тілді дамытудағы жетістіктері үшін диплом мен кубок тапсырылды.



Суретте: қазақ тілі мұғалімі Г.Садықова және М.Ерботина (оң жақта)